

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 915 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 105 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 915 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 36, 392-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламада:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:

"Қаржыландыру көздері" деген жолдағы "3474,8", "1182,3", "904,1", "1388,4" деген сандар тиісінше "7796,7", "1223,4", "2051,1", "4522,2" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген жолда "Арал өңіріндегі экологиялық ахуалды жақсартуға," деген сөздерден кейін "нарықтық инфрақұрылымды дамытуға," деген сөздермен толықтырылсын;

"Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген 5-бөлімде:

"Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету" деген 5.1.2-кіші бөлімнің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызылорда қаласындағы су құбыры және кәріз желілерін қайта жаңарту және к е ң е й т у " ;

"Нарықтық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу" деген 5.1.4-кіші бөлім мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қызылорда қаласындағы жылу энергия көздері мен тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру" жобасын іске асыру жалғасатын болады.";

"Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

бірінші абзацтағы "20947,8", "7790,0", "6569,5", "6588,3" деген сандар тиісінше "25269,7", "7831,1", "7716,5", "9722,1" деген сандармен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "3474,8", "1182,3", "904,1", "1388,4" деген сандар тиісінше "7796,7", "1223,4", "2051,1", "4522,2" деген сандармен ауыстырылсын.

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген 7-бөлім мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қызылорда қаласының жылу энергия көздері мен тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру" жобасын іске асыру жалғасатын болады.";

"Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007-2009 жылдарға

арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Экологиялық ахуалды жақсарту және халықтың экологиялық мәдениетін арттыру"
деген 1 - кіші бөлімде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"3	Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ, Қызылорда облысының әкімі	2009 жылғы 20 шілде	2007 жыл -	Республикалық бюджет
					312,1	
					2008 жыл -	
					325,9	
					2009 жыл -	
22,6	”;					

"Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету" деген 2-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"11	Қызылорда қаласындағы қазіргі су құбыры мен кәріз желілері жүйесін қайта жанарту	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ, Қызылорда облысының әкімі	2009 жылғы 20 шілде	2007 жыл -	Республикалық бюджет
					523,6	
					2008 жыл -	
					535,5	
					2009 жыл -	
544,2	”;					

"Нарықтық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу" деген 4-кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 24-1-жолмен толықтырылсын:

"24-1	Қызылорда қаласындағы жылу энергия көздері мен тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру	ЭБЖМ-ге ақпарат	ЭМРМ, Қызылорда облысының әкімі	2009 жылғы 20 шілде	2008 жыл -	Республикалық бюджет
					1000,0	
					2009 жыл -	
					3010,8	

"Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту" деген 5-кіші бөлімде:
реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"26	Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Александров кентінде мүгедектер-	ЭБЖМ-ге ақпарат	Еңбек-мині, Қызылорда облы-	2009 жылғы 20 шілде	2008 жыл -	Республикалық бюджет
					49,7	

ге арналған 150 орындық оңалту орта- лығын салу		сының әкімі		2009 жыл - 944,6	";
--	--	----------------	--	------------------------	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 26-1-жолмен толықтырылсын:

"26 -1	Қызылорда облысының А р а л қаласында спорттық- сауықтыру кешенін салу	ЭБЖМ- г е ақпа- рат	Қызыл- орда облы- сының әкімі	2009 жылғы 2 0 қаңтар	2007 жыл - 100,0 2008 жыл - 131,0	Респу- блика- л ы қ бюджет ";
-----------	---	------------------------------	---	--------------------------------	--	---

"Жиыны (жылдар бойынша қаржыландыру көлемі)" деген жолда:
"1182,3", "904,1", "1388,4" деген сандар тиісінше "1223,4", "2051,1", "4522,2" деген
с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі